

# 1 МАМЫР МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



# ТІҒРДАЖ- ҚАЗАЛЫ

№31  
(2410)  
Жұма  
1 мамыр  
2026 жыл  
Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті жерлестер!

Баршаңызды 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Бірлік, татулық және келісім – еліміздің басты құндылығы. Берекелі бірлік пен өзара түсіністік бар жерде әрдайым даму мен өркендеу болады. Біз бірлігімізді нығайтуға бар күш-жігерімізді жұмылдыруымыз керек. Бұл – әрбір азаматтың мәртебелі міндеті әрі перзенттік парызы», – деп атап өткен болатын. Расында, татулық пен тұрақтылықты ту еткен еліміз үшін бұл мерекенің орны ерекше.

Тамыры терең достық пен өзара сыйластықты берік ұстанған Қазалы жұртшылығы қай кезде де ауызбіршілік пен ынтымақтың жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Бүгінде ауданымызда 10-нан аса түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, ауданымыздың өсіп-өркендеуіне өзіндік үлесін қосуда. Бұл – ел ішіндегі бейбітшілік пен келісімнің, халқымыздың кең пейілі мен бірлігінің айқын көрінісі.

Биыл Президентіміздің бастамасымен елімізде жүзеге асқан Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясына арналған республикалық референдумда өңір халқы мен аудан жұртшылығы ел бірлігінің, ырысты ынтымағының жарқын үлгісін көрсетті.

Берекелі бірліктің арқасында ауданымызда Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың басшылығымен елдің игілігіне бағытталған ауқымды жұмыстар жүзеге асып, әрбір жаңа бастама табысты атқарылуда.

Осынау айтулы мереке күні баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін!

Ынтымағы жарасқан еліміздің мерейі үстем, тұғыры биік болсын!

Бірлігіміз бекем, аспанымыз ашық болсын!

Мереке құтты болсын!

Құрметпен,  
Қазалы ауданының әкімі  
Алмасбек ЕСМАХАНОВ

## АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ ЖАҢА БАСТЫҒЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен өткен актив жиынында Қазалы аудандық полиция бөлімінің жаңа бастығы таныстырылды.

Аудан басшысы Қызылорда облысы полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Оралбек Омаровтың ауданға келудегі мақсаты – аудандық полиция бөліміндегі кадрлық өзгеріске байланысты екенін жеткізді.

Жиында Оралбек Таубақабылұлы Қазалы аудандық полиция бөлімінің бастығы болып тағайындалған Ибраев Нұрлан Мерғалиұлын таныстырып, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Нұрлан Мерғалиұлы 1971 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Ішкі істер органындағы алғашқы еңбек жолын Қызылорда қаласының ішкі істер басқармасының милиция бөлімшесінің қылмысты іздестіру тобының жедел уәкілі лауазымынан бастаған. Еңбек жолында Қызылорда облысының ішкі істер департаментінде



бірқатар жауапты басшылық қызметтер, Жалағаш, Сырдария, Жаңақорған аудандарының полиция бөлімдерінің бастығы қызметтерін абыроймен атқарған.

Аудан әкімі бұған дейін Қазалы аудандық полиция бөлімінің бастығы қызметін атқарып келген Аңсатов Асылбай Шудабайұлының аудандағы қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу, құқықтық тәртіпті нығайтудағы еңбегіне тоқталып, ауданның ең жоғары марапаты «Қазалы ауданының Құрмет Грамотасымен» марапаттады.

Жаңа қызметке тағайындалған Нұрлан Мерғалиұлына алдағы бірлесе атқарылатын жұмыстарға сәттілік тілеп, асқан жауапкершілікті қажет ететін салада аянбай қызмет атқарытындығына сенім білдірді.

Жиында аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудан прокуроры Мадияр Бекпанов, Қазалы ауданының құрметті азаматы, аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Әлімбай Қасқырбай сөз сөйлеп, жаңа қызметке тағайындалып жатқан азаматтардың жұмысына сәттілік тіледі.

## КӨКТЕМГІ САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Қазалы ауданында кең көлемді көктемгі санитарлық-тазалық және абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Тазалық жұмыстары барысында аудан орталығы мен елді мекендердің көшелерін тазалау, аяқсу арықтарын аршу, су жіберу, жол бойларын ретке келтіру, ағаштарды

өктеу, қоршаулар мен бағаналарды, саябақтардағы орындықтарды сырлау, ретсіз өскен шөптерді шабу, гүл және ағаш көшеттерін отырғызу, жол бойындағы аялдамаларды жуып тазалау мен сырлау, сондай-ақ, көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүйелі түрде атқарылуда.

Бұл жұмыстар – тек тазалық шарасы ғана емес, туған жерге деген жанашырлық пен жауапкершіліктің айқын көрінісі. Тазалық әр адамнан, әр үйден, әр көшеден басталуы керек. Туған жерімізді таза ұстау – баршамызға ортақ міндет. Айналамыздың таза болуы өзіміздің мәдениетіміз бен қоғамға деген құрметімізді көрсетеді.

Осыған орай, барша аудан тұрғындарын тазалық акциясына белсенді қатысуға, қоршаған ортаны таза ұстауға, тазалық жұмыстарын әр адам өз аулалары мен көшелерінен бастауға және туған өлкеміздің көркеюіне бірге үлес қосуға шақырамыз!

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

## «КӨК БАЙРАҒЫМ, ЖЕЛБІРЕ!» АТТЫ ФЕСТИВАЛЬ-КОНЦЕРТ



Қазалы ауданында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына орай Қазақстан Композиторларының «Көк байрағым, желбіре!» атты фестиваль-концерті өтті.

Әйтеке би кентіндегі Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында өткен концертте ҚР Композиторлар Одағының құрметті төрағасы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері Балнұр Балғабекқызының, ҚР Композиторлар Одағының басқарма мүшесі, ҚР «Мәдениет қайраткері», Қазалы ауданындағы Қорқыт Ата атындағы өнер мектебінің директоры, аудандық мәдениет орталығының жанындағы аудандық «Мырза» атындағы халық аспаптар оркестрінің және «Қорқыт сазы» ансамблінің көркемдік жетекшісі Сәукен Әлмәмбетұлының, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты, облыстық филармония жанындағы Тұрмағанбет атындағы халық аспаптар оркестрінің бас дирижері Руслан Серікқалиұлының таңдаулы туындыларын «Мырза» халық аспаптар оркестрі орындады.

Атырау арасы», «Туған жерім - Күреңбел», «Қырғыз күй», «Сыр шертпе», «Қазақ елі» толғауы, «Дала үні», «Ұлы дала қыпшақтары» шығармалары қазалылық көрермендерге ұсынылды.

Кеш соңында аудан әкімі Алмасбек Есмаханов сөз сөйлеп, ежелден өнер қонған қасиетті Қазалы жерінде ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығына орай өткізіліп жатқан концерттің ұйымдастырушыларына, «Мырза» халық аспаптар оркестрінің ұжымына аудан жұртшылығының атынан шынайы алғысын жеткізді.

ҚР Композиторлар Одағының құрметті төрағасы Балнұр Балғабекқызына аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың «Алғыс хатын» табыстап, иығына камзол мен жаулық жауып сый-құрмет көрсетті.

Концертте Сәукен Әлмәмбетұлы мен дирижер Руслан Серікқалиұлы жиылған жұртшылықтың зор қошеметіне бөленді.

Еліміздің ең қастерлі құндылығы – Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығына арналған ауқымды мәдени шара – ұлттық өнеріміздің мәңгілік екенін, ру-



Фестиваль-концертте өнер майталмандарының «Берілі менің байрағым», «Ақтайлақ», «Концерттік вальс», «Алтай-


хани құндылықтарымыздың ешқашан өлмейтінін айшықтайтын тағылымды кеш болды.

## ВЕГЕТАЦИЯЛЫҚ КЕЗЕҢГЕ ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ЖӘНЕ СУ ЖЕТКІЗУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИФІ КЕҢІНЕН ТҮСІНДІРІЛДІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен вегетациялық кезеңге дайындық барысы және су жеткізу қызметінің тарифіне қатысты түсіндірме жұмыстарын жүргізуге байланысты мәжіліс өтті.

ресурстарын тиімді пайдалану, су үнемдеу технологияларын енгізу, егіс алқаптарын әртараптандыру, лазерлік тегістеу жұмыстарын жүргізу мәселелері де кеңінен талқыланды.

Ауданға арнайы жұмыс сапарымен келген салалық



Жиынға облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Рысбек Шайхиев, «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы директорының міндетін атқарушы Нәжмадин Шамұратов, «Арал - Сырдария» бассейндік инспекциясы басшысының орынбасары Сейтқасым Әбуов, қала, кент және ауылдық округтердің тиісті мамандары, шаруа қожалықтарының төрағалары мен ауыл шаруашылығы құрылымдарының өкілдері қатысты.

Мәжілісте Сырдария өзеніндегі су тапшылығының салдарынан туындап отырған өзекті мәселелер кеңінен айтылды.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов соңғы жылдары аймақта вегетациялық кезеңнің күрделі жағдайда өтіп жатқанын, соған қарамастан Мемлекет басшысы мен Үкіметтің, облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының қолдауының арқасында салада жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқандығын айтты. Сонымен қатар, су тапшылығы жағдайларының орын алуы ауыл шаруашылығы саласына, әсіресе суармалы егіншілікке кері әсерін тигізіп, биылғы вегетациялық кезеңнің де күрделі өту қаупі бар екенін атап өтті.

Жиында ауданның биылғы егіс көлемдері нақтыланып, негізгі дақыл – күріштің көлемі, өнімділігі және алдағы жоспарлары баяндалды. Сонымен қатар, су

мекемелердің өкілдері вегетация кезеңіне дайындық барысы, су жеткізу жүйесінің жағдайы және тарифтік саясат бойынша жан-жақты түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, шаруалардың сұрақтарына жауап берді.

Мәжілісте аудан басшысы егіс алқаптарына берілген су үшін бірқатар шаруашылықтардың берешегі бар екенін айтты, төлем тәртібін сақтау қажеттігін ескертті. Алдағы егіс науқанын сапалы әрі уақытылы өткізу үшін барлық жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар беріп, көктемгі дала жұмыстарын агротехникалық талаптарға сай ұйымдастыруды, ауыл шаруашылығы техникаларын толық дайындыққа келтіруді және су үнемдеу шараларын күшейтуді міндеттеді.

Су тапшылығын ескере отырып, суды аз қажет ететін дақылдардың үлесін арттыру, күріш көлемін кезең-кезеңімен қысқарту арқылы егіс құрылымын оңтайландыру қажеттігінде атап өтті.

Айта кетейік, биылғы жылы аудан бойынша 17257 гектарға егіс дақылдарын егу межеленген. Оның 5400 гектары күріш, жаздық бидай 340 гектар, арпа 60 гектар, дәндік жүгері 500 гектар, майлы дақылдар (мақсары) 316 гектар, мал азығы дақылдары 8348 гектар, картоп, көкөніс, бақша дақылдары 2293 гектар егіледі деп жоспарланып отыр.

**Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі**

## ҚҰРМЕТТІ ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен «Шұғыла» балабақшасының меңгерушісі Ерішова Айгүл Қайыржанқызын зейнеткерлік демалысқа шығарып салуға арналған салтанатты жиын өтті.

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында өткен шарада аудан басшысы Айгүл Қайыржанқызының ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, білім саласының өркендеуіне қосқан елеулі үлесін атап өтіп, көп жылғы адал еңбегі мен кәсіби біліктілігі үшін алғысын білдірді.

-Айгүл Қайыржанқызы бар саналы ғұмырын білім саласына арнаған ардақты жан. Атырау (Гурьев) қаласындағы педагогикалық институтты тәмамдаған соң алғашқы еңбек жолын 1988 жылы Қ.Пірімов аулындағы мектеп интернатта тәрбиеші болып бастаған. 1990-2013 жылдары Әйтеке би кентіндегі «Айгөлек» балабақшасында тәрбиеші, әдіскер, 2013-2016 жылдары «Балапан»



балабақшасында әдіскер болып жұмыс атқарды. 2016 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін аудан орталығындағы «Балапан», «Шұғыла» балабақшасының меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлесін қосты. Та-

лапшыл, іскер, еңбекқорлық қасиеттерінің арқасында өзіне сеніп тапсырылған міндеттерді орындауда аса жауапкершілік танытып, әріптестеріне деген адамгершілік қасиетімен ерекше өнегесін көрсетті. Халықтың ыстық ықыласына бөлене білді. Бар саналы ғұмырын білім беру саласына арнаған

Айгүл Қайыржанқызын бүгінгі қуанышты күнімен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыңызға амандық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат тілеймін, - деді Алмасбек Әбілқасымұлы.

Салтанатты жиында Айгүл Қайыржанқызына ауданымыздың ең жоғары марапаттарының бірі – «Құрмет грамотасы» табысталып, ұлттық дәстүрге сай камзол мен жаулық жабылды.

Жиында аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, білім және мемлекеттік қызмет саласының ардагері Ғабит Бәймішев, ҚР Білім беру ісінің үздігі Бибісара Есмағанбетова сөз сөйлеп, жүрекжарды лебіздерін білдірді.

Кездесу соңында Айгүл Қайыржанқызы мерейлі зейнет жасына орай арнайы қабылдап, құрмет көрсетіп жатқан аудан әкімі мен ел ағаларына шынайы ризашылығын жеткізді.

**Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі**

● Маманның кеңесі

## КЕНЕДЕН КЕЛЕТІН КЕСЕЛДЕН САҚТАНАЙЫҚ!

Көктем келісімен, күн жылына бастағаннан қыс бойы топырақтың, құл-қоқыстардың, қора-қопсылардың терең қуысында тығылып жатқан жәндіктерге жан бітіп, жердің бетіне шыға бастайды. Сол жәндіктердің бірі- кене. Кене адамға көптеген аурулар таратады. Солардың қатарына Конго Қырым геморрагиялық безгегін жатқызуға болады. Бұл індеттің қауіпі наурыздан бастап қарашаға дейін сақталады. Көбейетін мезгілі сәуір, мамыр, маусым айлары. Конго Қырым геморрагиялық безгегінің вирусын таратушы және оны сақтаушы иксод кенелері, бұл кене вирусты тек қана өз организмінде сақтап қана қоймай, айналаға таратады. Қазір кенелердің оннан аса түрінде ауру қоздырғышының өсіп-өнетіндігі дәлелденген.

Кенелер үй жануарларының, жабайы аңдардың, құстардың қанын сорып қоректенеді. Организмінде ауруқоздырғышы бар кене қанын сорған жануарларына вирусты жұқтырады. Аталған ауру көктем және жаз айларында кездеседі. Ауаның қызуы жоғарылаған сайын қыстан шыққан зиянкестерге өте қолайлы жағдай туады. Қыстан ашығып шыққан кенелер қан соруға асығады. Олар бұл кездері мал мен құсқа, жабайы аңдарға жабысады. Әдетте далалық жерге әр түрлі мақсатпен барушылар немесе жануарлармен қатынасы бар адамдар осы дертке душар болуы ықтимал.

Кене адамға қадалып, қанын сорған уақытта, ауру қоздырғышы оның сілекей бездері арқылы адам организмiне тарай-

ды. Аты аталған жұқпалы ауру кенелердің тек қан соруы арқылы емес, оларды қолмен мыжып өлтіргенде немесе кенені малдың денесінен алып тастаған кезде жұғуы мүмкін. Конго Қырым геморрагиялық безгегінің жұғуы адамның терісіне кене қанының ішіндегі ауру қоздырғыш вирусының енуіне байланысты.



Сырқаттың барысында төрт кезең байқалады (инкубациялық) басталуы, дамуы және сауығуы, (не қайтыс болу) кезеңдері. Жасырын кезең вирустың денеге енген кезінен бастап аурудың белгі бере бастаған уақытын қамтиді. Орташа есеппен бұл уақыт 2-7 күнге созылады. Осы уақыттың ішінде адам денсаулығында өзгеріс байқалмайды. Дерт кенеттен басталады. Адамның басы қатты ауырып, денесі дел-сал болады, әлі құрып бөлі сырқырайды. Дене қызуы 39-41 градусқа жетеді. Адамның беті, мойны, көкіректің жоғарғы жағы қызарып, көзі қанталап, көмекейі қызарады. 2-3, кейде 4-5 күннен кейін сырқат адамның мұрнынан

қан кетеді. Науқастың терісінің астына, әсіресе иық, кеуде, қарын терісіне азды-көпті қан құйылу жиі кездеседі. Қанның құрамында көптеген өзгерістер байқалады. Кейде асқазанға да қан құйылып, бұл ауру адамды қазаға ұшыратуы мүмкін. Конго Қырым қанды безгегінің бір қауіптілігі сол, осы аурумен сырқаттанған адамның қаны

жерде болған адамдар үйге қайтқанда, мойынды, кіндіктің тұсын, қолтықтың астын мұқият қарағаны дұрыс. Жабысқан кенені ақырын алу керек. Кенені қолмен ұстап өлтіруге болмайды, өйткені оның вирусы қолға жабысып денеге өтіп кетуі мүмкін. Қорғалмаған қолмен кенені ұстау қауіпті екенін есте сақтаңыз! Кенені жалаң қолмен және бірден жұлып алуға болмайды, өйткені кененің тұмсығы қалып қойып, орны іріңдеп, жара болуы мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы бойынша кенені қарапайым медициналық қысқышпен (пинцетпен) немесе резина қолғап киіп, тұмсығына жақын жай қысып ұстап, шайқамай, бұрамай тарту керек, езіп алмау керек! Ал қысқыш болмаған жағдайда қарапайым жіппен тұмсығының түбінен орап жәймендеп тартып алу керек. Шаққан орнын спиртпен залалсыздандыру қажет.

Міне, осы айтылғандар үнемі ескеріліп отырса, аурудың пайда болу мүмкіндігі азая түсер еді. Егер де сізді кене шаққан болса тез арада дәрігерге хабарлап, дәрігерлік бақылаудан өткеніңіз жөн.

Осы кезеңдерде кез келген адам сақтанып, табиғат аясына немесе саяжайларға шыққанда мұқият болғаны абзал. Кенесі көп жерде кенеден сақтану үшін арнаулы киім (комбинезон) киіп жүру қажет. Егер ол болмаса шалбардың балағын етіктің ішіне салып, көйлекті шалбардың белбеуімен қысып байлаған жөн. Сыртқы киімнің жеңін де жағасын да түймелеп алу керек. Кенесі бар

жерде болған адамдар үйге қайтқанда, мойынды, кіндіктің тұсын, қолтықтың астын мұқият қарағаны дұрыс.

Жабысқан кенені ақырын алу керек. Кенені қолмен ұстап өлтіруге болмайды, өйткені оның вирусы қолға жабысып денеге өтіп кетуі мүмкін. Қорғалмаған қолмен кенені ұстау қауіпті екенін есте сақтаңыз! Кенені жалаң қолмен және бірден жұлып алуға болмайды, өйткені кененің тұмсығы қалып қойып, орны іріңдеп, жара болуы мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы бойынша кенені қарапайым медициналық қысқышпен (пинцетпен) немесе резина қолғап киіп, тұмсығына жақын жай қысып ұстап, шайқамай, бұрамай тарту керек, езіп алмау керек! Ал қысқыш болмаған жағдайда қарапайым жіппен тұмсығының түбінен орап жәймендеп тартып алу керек. Шаққан орнын спиртпен залалсыздандыру қажет.

Міне, осы айтылғандар үнемі ескеріліп отырса, аурудың пайда болу мүмкіндігі азая түсер еді. Егер де сізді кене шаққан болса тез арада дәрігерге хабарлап, дәрігерлік бақылаудан өткеніңіз жөн.

**Перизат АБДИЕВА,**  
**«Ұлттық сараптама орталығы»**  
**Қызылорда облысы бойынша филиалының Қазалы ауданының бөлімшесінің бактериологиялық және паразитологиялық зерттеулер зертханасының санитарлық-эпидемиологиялық қызмет маманы**

**ӘРІПТЕСІМІЗ ЕДІ**

Роза Әбілтайқызы 1953 жылы 1 қарашада Қазалы ауданы, «Бірлік» аулында дүниеге келді. Жастық шағы сол ауылда өтті. Кейін мектеп табалдырығын аттап, орта мектепті бітірді. Есепшілік мамандықты меңгерді. Тұрмысқа шығып, отанасы атанды. Ұл, қыз өсіріп, оларды ержеткізді. Балалары түрлі салада қызмет атқарып, ата-анасының ризашылығына бөленді.

Роза Әбілтайқызы өткен ғасырдың жетпіс сегізінші жылы аудандық «Ленин

туы» газеті редакциясында, кейін аймақтық «Тұран-Қазалы» газеті редакциясында аға есепші болып қызмет атқарды. Жұмысына пісентті жан еді. Редакция қызметкерлерімен сыйласып жұмыс істеді.

Роза Әбілтайқызы 2014 жылы абыроймен құрметке бөленіп, газет редакциясынан зейнет демалысына шықты. Әйтседе ұжымның қуанышы мен басқаларына да араласып, әріптестерінен қол үзген жоқ.

Өттең, дүние-ай десейші,

Роза Әбілтайқызы зейнет демалысына шығып, балаларының ортасында қуанышты күндерін өткізіп жүргенде ауыр дертке тап болды. Төтеннен келген ажал ардақты ананы өмірден алып кетті. Оған да бірнеше жылдың жүзі болды.

Әріптесіміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Жұмақтың төрінен орын алсын дейміз.

**Аймақтық  
«Тұран-Қазалы»  
газеті редакциясының  
ұжымы**

**АДАМ ПАПИЛЛОМА ВИРУСЫ**

Адам папиллома вирусы (АПВ) дегеніміз не? Адам папиллома вирусы-бұл теріні және дененің әртүрлі бөліктерінің шырышты қабықтарын зақымдайтын вирустар тобы.

АПВ вирусы қандай қауіптілік төндіреді?

Вирус қауіпті, өйткені ол тез таралады. Нәтижесінде папилломалар пайда болады (сүйелдер, өсінділер) және жасушалардың қатерлі ісігінің дегенерациясымен жатыр мойны обыры сияқты қатерлі ісіктің дамуына әкеліп соғады.

АПВ вирусы адамнан адамға қалай беріледі?

Тұрмыстық жанасу жолымен, яғни қол алысу, сүйісу, терідегі зақымданулар арқылы беріледі. Вирус ылғалды ортада жақсы дамиды, тез таралады. Сондықтан қоғамдық орындарға, сауна, монша, спорт залдарына, дәретханаларға, бассейндерге барғанда жеке бас гигиенасын сақтаған жөн.

Вирустың онкогенді типтері жыныстық жол-

мен берілгенде жыныс мүшелері аймағында орналасатын ұшы сүйір сүйелдер пайда болады. Босану кезінде вирус анадан балаға беріледі. Сүйелдер көбінесе нәрестелерде өмірінің алғашқы жылдарында ауыз қуысында немесе теріде пайда болады.

Адам папиллома вирусынан қорғанудың ең тиімді жолы вакцинация.

2024 жылдың күз ай-

ларынан бастап 11 жастағы қыз балаларға АПВ-ға қарсы вакцинация жүргізіліп келеді. АПВ-ға қарсы вакцинация мектептерде немесе тіркелген мекен-жайы бойынша емханалардың егу кабинеттерінде тегін жүргізіледі.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы АПВ-ға қарсы Гардасил вакцинасы пайдаланылады. Вак-


цинация ата-аналарының немесе қамқоршысының ақпараттандырылған келісімі арқылы жүргізіледі. Гардасил вакцинасы қыз балаға 11 жасынан бастап 6 ай аралықпен екі дүркін жүргізіледі. Сол кезде ғана адам ағзасында АПВ-ға қарсы иммунитет пайда болады.

Нәліктен вакцинация 11 жастағы қыз балаларға жасалады?

Себебі, вакцина адам вирусты жұқтырғанға дейін енгізілсе ең тиімді болып есептеледі. АПВ 25 жасқа толмаған адамдар арасында жиі кездеседі. Сондықтан осы жастағы вакцинация ең күшті иммундық реакцияны қамтамасыз етеді.

Құрметті ата-аналар, қыз балаларыңызды қатерлі жатыр мойны қатерлі ісігінен қорғау мақсатында вирусқа қарсы екпе алуға шақырамыз.

**Айнагүл ИМБЕТ,  
Қазалы аудандық  
көпбейінді орталық  
ауруханасының  
иммунолог дәрігері**



2026 жылғы 15 мамыр күні сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың кезекті 56 сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1. 2025 жылға арналған аудандық бюджеттің атқарылуы туралы есепті бекіту.
2. 2025 жылға арналған қала, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы есепті бекіту.

**Қазалы аудандық мәслихатының аппараты**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР**  
**Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР**  
**Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан  
Республикасының Ақпарат  
Министрлігінде 2004 жылғы  
15 наурызда тіркеліп, №4801-г  
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.  
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.